

Ибатова Гаухар Биржановнаның
«БД010500 -Дефектология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам
дағдыларын дамыту» тақырыбындағы диссертациясына
АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту.

Зерттеу мақсаты - логопедиялық жұмыс процесінде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың педагогикалық жүйесін жасау және ғылыми негізін дәлелдеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Зерттеу мәселесінің отандық және шетел ғылымы мен тәжірибесінде қарастырылуын зерттеу және талдау.
2. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының даму ерекшеліктерін анықтау.
3. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.
4. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін іске асыру, оның тиімділігін эксперименттік дәлелдеу.

Зерттеудің әдістері:

- теориялық: зерттеу тақырыбына байланысты психологиялық-педагогикалық, лингвистикалық арнайы әдебиеттерге, зерттеулерге ғылыми тұрғыда талдау жасау; білім беру бағдарламаларын талдау; теориялық ғылыми негізін дәлелдеу;
- эмпирикалық: сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балалар бақшасындағы тәрбие-оқу процесін бақылау, озат тәжірибелерді зерделеу; логопедтерге арналған сауалнама жүргізу; анықтаушы, қалыптастырушы эксперименттер жүргізу, оның нәтижелерін сұрыптау; алынған материалдарды математикалық-статистикалық өңдеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. СТЖД балалардың сөзжасам дағдылары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады: сөзжасам дағдыларының даму деңгейі төмен, сөзжасам процесінде әртүрлі бұзылыстар кездеседі, жұрнақтардың мағыналарын жеткілікті түсінбейді.
2. Мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам дағдылары мен біліктері бұзылыстары бастапқы операциялардың (мағынаны білдіретін сөздің морфемдік элементін бөлу операциялары, жеке морфемаларды талдауды іске асыратын және құрылымдық-мағыналық кешенді операциялар) қалыптаспағандығымен негізделеді.
3. СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту қажеттілігі мен оларды дамыту және бұзылыстарды түзету бойынша түзету-логопедиялық жұмыстың ғылыми негізделген жүйесінің болмауы арасындағы қарама қайшылықты шешу қажеттілігінен тұратын ғылыми мәселе.
4. Түзету логопедиялық жұмыс жүйесінде сөзжасамның бұзылуын түзетуге және дамытуға бағытталған мультимедиялық тапсырмаларды қолдану, СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларға тән ерекше қиындықтарды ескере отырып, сондай-ақ оларды тудыратын механизмдерді ескере отырып, сөзжасам ережелерін игеруге, жаңа сөздер мен туынды сөздерді қолдану және түсіну көрсеткіштерінің артуына, сөздік қорын байытуға, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

- шетелдік және отандық ғылым мен практикадағы зерттелетін проблеманың даму жағдайы зерттелді және бағаланды;
- СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам процестерінің бұзылуының ерекшеліктері анықталды;

- сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;
- СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі іске асырылып, оның тиімділігі эксперименталды дәлелденді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

Зерттеу жұмысындағы ғылыми нәтиже мен қорытындының деңгейі келесідей:

1-ғылыми нәтиже – Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың теориялық- әдіснамалық негіздері айқындалды.

2- ғылыми нәтиже – Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының даму деңгейі мен ерекшеліктері анықталды.

3 – нәтиже. Зерттеу барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

4 – нәтиже. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі іске асырылып, оның тиімділігі эксперименталды дәлелденді.

Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Зерттеудің негізгі идеясы білім беруде келесі құжаттарды толық пайдалануға мүмкіндік береді: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалардың білім алуға құқықтарын, мазмұны мен шарттарын регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар; мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер; отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, халықаралық және республикалық конференциялар мен мерзімді басылымдардың материалдары.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы

Жарияланымдарды дайындау кезінде әдебиеттерге шолу жасалды, жарияланымдарда жүргізілген эксперименталды зерттеудің нәтижелері мен талдауы қамтылған. Диссертациялық зерттеу мазмұны бойынша 21 ғылыми еңбек, оның ішінде Scopus мәліметтер базасына енгізілген жарияланымда -1 мақала, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған журналдар тізіміне енгізілген басылымдарда- 4 мақала, монография -1, практикалық логопедтер мен тәрбиешілерге арналған оқу-әдістемелік құралдар мен ұсынымдар – 5, логопедиялық жаттықтырғыш - 3, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігі – 1, жақын шет ел мен Қазақстанда өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялары материалдарында басылымдарында шыққан – 3, ҚР журналдарында - 3 мақала жарияланды:

Халықаралық базада индекстелетін журналдардағы Scopus деректері базасына енген жарияланымдар:

1. «The importance of game technology in developing the word formation skills of children with preschool speech disorder» (World Journal on Educational Technology: Current Issues. Volume 13, Issue 4, (2021). – 1016-1028. A.Makhmetova, S.Zhoraeyeva, B. Amiresheva, S. Nyshanova, A. Satova). Авторлар мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының деңгейі төмендігі, меңгерудегі қиындықтары мен эксперименталды зерттеудің нәтижелері жасына сай еместігін көрсеткен. Докторанттың үлесі 75 % құрайды. (қосалқы авторлар A.Makhmetova, S.Zhoraeyeva, B. Amiresheva, S. Nyshanova, A. Satova 25%).

- ҚР БжҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдарға енген жарияланымдар:

1. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын зерттеу әдістемесі // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы «Психология. Педагогика. Әлеуметтану» сериясы №1 (138), 2022 – 82-88 Б. Докторант мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын зерттеуге арнап құрастырған әдістемелері мен олардың сипаттамасын ұсынған. Докторанттың үлесі 90 % құрайды (қосалқы автор Сатова А.К. 10%).

2. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы № 1 (73), 2022. – 254-263 Б. Докторант мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын көрнекі-графикалық белгілер мен ойын тәсілдері арқылы эксперименталды зерттеу мәліметтерін қолдану жүйесінің тиімділігі көрсетілген. Докторанттың үлесі 90 % құрайды (қосалқы автор Сатова А.К. 10%).

3. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған эксперимент жұмысы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы № 2 (66), 2020. – 326-332 Б.) мақалада докторант мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту бойынша эксперименталды зерттеу нәтижелерін берген. Мақаланы жазуда докторанттың үлесі 100 % құрайды.

4. Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастырудағы логопедиялық жұмыс әдістемесі мен мазмұны // Л.Н. Гумилев ЕҰУ Хабаршысы «Психология. Педагогика. Әлеуметтану» сериясы №1 (138), 2022 – 31-37 Б. Мақалада докторант сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған әдістемелер мен логопедиялық түзеу жұмысының мазмұнын ұсынады. Мақаланы жазуда докторанттың үлесі 100 % құрайды.

Шетел мен отандық халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарындағы мақалалар:

1. Қазақ тіліндегі сөздің жасалу проблемалары // «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации» VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. «Г.Сковорода атындағы Переяслав-Хмельницкий ҰПУ» МЖОО Переяслав-Хмельницкий 2015. –146-164 Б. Мақалада докторант қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелеріне теоретикалық шолу жасайды. Мақаланы жазуда докторанттың үлесі 100 % құрайды.

2. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстыра сөйлеуін инклюзивті білім беру жағдайында дамыту // «Білім берудегі инновация: ізденіс және шешім» III Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарында II том, Астана, 2016. –С. 66-70. Мақаланы жазуда докторанттың үлесі 100 % құрайды.

3. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың тілін дамытудағы болашақ логопедтерді дайындау // Республикалық «Қазақстанда дефектологтарды даярлау жүйесі дамуының заманауи мәселелері» дөңгелек үстел материалдары. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016. Докторант дефектолог мамандарды даярлау және әртүрлі бұзылыстары бар балалармен жұмыс жүйесі мәселесін көтереді. Мақаланы жазуда докторанттың үлесі 90 % құрайды (қосалқы автор Сатова А.К. 10%).

ҚР басқа журналдарында жарияланған мақалалар:

1. Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін грамматикалық деңгейде түзетуге арналған әдістемелерді қолдану ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы № 3 (54), 2018. – 32-38Б. Мақалада докторант сөйлеу тілінің грамматикалық жағын дамыту әдістемелерінің маңызын ашады. Мақаланы жазуда докторанттың үлесі 100 % құрайды.

2. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын тексеру әдістемелері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №2(57), 2019. –36-48Б. Мақалада докторант сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ балаларының сөйлеу тілінің грамматикалық жағын тексеруге арналған әдістемелерлі ұсынады. Мақаланы жазуда докторанттың үлесі 90 % құрайды (қосалқы автор Текішева Б.Е. 10%).

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуының психологиялық-педагогикалық және лингвистикалық негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3(62), 2020. –С. 46-53с.

Мақалада докторант Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағының қалыптасуының психологиялық-педагогикалық және лингвистикалық негіздерін қарастырады. Мақаланы жазуда докторанттың үлесі 100 % құрайды.

Оқу- әдістемелік құралдары мен жаттықтырғыштар:

1. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 1-ші деңгейін түзету» Электронды жаттықтырғыш. –Алматы, 2015. ISBN 978-601- 7131-51-7. Докторанттың үлесі 80 % құрайды (қосалқы автор Сербин В. 20%).

2. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының 2-ші деңгейін түзету. Электронды жаттықтырғыш. –Алматы, 2016. ISBN978-601- 7131-51-9. Докторанттың үлесі 80 % құрайды (қосалқы автор Сербин В. 20%).

3. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту. Электронды жаттықтырғыш. АИБД ҰҒПО, 2022. – Алматы, 2022. ISBN 978-601-08-1965-8. Докторанттың үлесі 100 % құрайды.

4. Ерте мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдік дамуын тексеру әдістері. – Алматы, 2019. – 60б. ISBN 978-601-7131-95-1. Докторант мектепке дейінгі жастағы балалардың тілінің дамуын диагностикалауға арналған әдістемелер ұсынып, тіл дамуының ерекшеліктерін сипаттайды. Докторанттың үлесі 70 % құрайды (қосалқы авторлар Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Тулебиева Г.Н. 30%).

5. Сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері. – Алматы, 2020. – 76б. ISBN 978-601-08-0156-1. Автор 4-6 жастағы қазақ балаларының сөйлеу тілі шығуы мен дамуының зерттеу мәліметтерін береді. Докторанттың үлесі 70 % құрайды (қосалқы авторлар Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Тулебиева Г.Н. 30%).

6. Онтогенез барысында ана тілі жүйесінің қалыптасуы» Монография. – Алматы, 2021. – 168б. Автор 4-6 жастағы балалардың онтогенезде сөйлеу тілінің (грамматикалық, фонетикалық, лексикалық жағы) қалыптасуының зерттеу материалдарын ұсынады. Докторанттың үлесі 55 % құрайды (қосалқы авторлар Өмірбекова Қ.Қ., Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Оспанова А.С.45%).

7. Бала тілі бал. Бала тілінің сөздігі. – Алматы, 2021. –44б. ISBN 978-601-08-1736-4. Автор балалардың қызықты сөздерін (сөзшығармашылығын) ұсынады. Докторанттың үлесі 65 % құрайды (қосалқы автор Оспанова А.С.35%).

8. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту. – Алматы, 2022. – 56б. ISBN 978-601-08-1965-8. Докторанттың үлесі 100 % құрайды.

9. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III- деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру. – Алматы, 2019. – 74б. ISBN 978-601-298-325-8. Докторанттың үлесі 100 % құрайды.

10. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін қалыптастыру (СТЖД 1-деңгей) . – Алматы, 2019. – 140б. ISBN 978-601-298-268-8. Докторанттың үлесі 100 % құрайды.

Патенттер мен авторлық куәліктер.

1. Тіл кемшіліктері бар балаларға арналған мектепке дейінгі арнайы түзеу мекемелерінің логопедтеріне арналған «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалармен логопедиялық жұмысының мазмұны» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы. №14567 20.01. 2021ж.

2. «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» Оқу-әдістемелік құрал. № 25540 26.04.2022ж.